

Көсембай негізгі мектебі
Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы
Күні: 14.12. 2022 ж

Орыс және ағылшын пәндеріне арналған «Лингвист» тақырыбындағы апталық барысындағы «оқуға құштар мектеп» жобасы аясында

Тақырыбы: Әлемдік әдебиет ізімен.

Мақсаты: Шет ел кітаптарымен таныстыру. Әлем әдебиетімен таныстыра отырып оқырмандық талғамын қалыптастыру, оқуға қызығушылығын арттыру.

Түрі: баяндау, әңгімелеу, әдеби джем ойыны.

Көрнекілігі: қордағы әлем әдебиеттері, қанатты сөздер, Кітап оқымаған адам тамырсыз қаңбақ. **Ф.Оңғарсынова.**

Книга -учитель,

Книга -наставник,

Книга -бесценный товар друг.

Ум, как ручей, высыхает старится, ес- ли ты выпустишь кни рук.

Ұйымдастыру: Қош келдіңдер!

1) Жетекші сұрақтар:

Әлем әдебиетінен кімдерді танысыздар?

Қандай кітап оқып жүрсіздер?

2) Оқырман формулярын саралап, кітапханамен тығыз байланыста жүрген соның ішінде шет ел әдебиетін оқып жүрген оқырмандардың формулярын оқушыларға таныстыру.

Оқырманмен әңгіме

Оқып жүрген шығармалары мен кітаптары мен таныстырып мазмұның айтып маңыздылығын айтады.

7- сынып Сейткереев Мейрамбек **Б.Немцова. «Алтын кітап»**

7-сынып Салихова Шұғыла **Франкенштейн.**

7 -сынып Қанат Ернияз **А.Сьюзлл Сүлікқара**

7- сынып Боранбай Айдана **Покоһонтос**

9-сынып Майданова Амангүл **Д.Остен. Асқақтық пен адасу.**

3)«Әдеби джем» ойыны.

(Кітаптан үзінділер алынып, мәтінді кеспе қағаздар арқылы қайта құрастыру)

Барлық маймыл тайпасы жартастың жанында тізіліп тұрды, бізді де осы көріністі тамашалауға сүйреп апарды. Үндістердің алғашқы төртеуі төмен қарай секірді, ал бамбук олардың денелерінен майға енген инедей лыпып өтті. Мен енді байғұс янкидің қанқасын көргеніме таңданбаймын. Ия, қорқынышты көрініс... Сонымен бірге назарымды жаулап алды. Біз бұл қарғуларға қайран қала қарадық, бірақ әрқайсымыз: «Қазір менің кезегім келеді...» деп ойлап тұрдық.

Авторы: Артур Конан Дойл. Жоғалған әлем.

Біз баймыз, қағанағымыз қарқ, сағанағымыз сарқ, ал дүниенің бір түкпірінде тапқаны тамағына жетпейтін аш құрсақ адамдар бар. Маған әлемнің көптеген елін аштық жайлағаны туралы қанқу сөз жетті. Мұның бәрі неден? Бұл адамның өзімшілдігінен, өзінен басқаға немқұрайдылығынан деп ойлаймын. Басқалар маңдай тері тамшылап, табаннан тозып, жұмыс істеп жатқанда, біз алаңсыз арзан күлкімен, ойын -сауықпен күнімізді өткізіп жүрген жоқ па? Бізді сол үшін де жек көретін болар?
Авторы:Рэй Брэдбери. Фаренгейт бойынша 451 градус.

Үш күн бойы екі адамның жұмысын жалғыз істедім, және мақтанып айтайын, жақсы істедім. Қорқау Ларсеннің сенімін ақтағаным өз алдына, камбуздегі қысқа мерзімді жұмысыма матростар да өте риза болған.

- Осы бортқа түскелі бірініші рет жиренбей тамақ іштік, -деген маған Гаррисон, бактегі ыдыс -аяқтарды камбауз әкеліп тұрып.

Авторы: Джек Лондон. Теңіз қорқауы.

Бүгін еш мазам жоқ. Мектепке де бармадым. Науқас секілдімін, қолымды көтере алмаймын. Бірақ қорықпа корновирус жұқтырмадым. Жай ғана жазғым келді саған. Біраз сырласқым келді.

Кеше анам аздап науқастанып қалып еді ғой. Кеше ойламаған жерден әпкем келді. Бірнәрсе айтып аузы жыбырлып жүр. Өткен жылы сыныптасымның әкесі ауырып қалған еді, күні бойы бәріміз соны күлдіруге тырысатынбыз. Исмаил басына кетчуп жағып, жараландым деп мұғалімдерді бір қорқытып тастаған. Сонда да күлмеді.

Авторы: Нұр Домбайжы. Шатақ қыздың шатпақ күнделігі.

4) «Дұрысын тап» ойыны

(кеспе қағаздар арқылы жазушылардың аты -жөндерін дұрыс табады)

Михаил (Булгаков), Нұр (Домбайжы), Мигель де (Сервантес), Артур (Конан Дойл) Джейн (Остен), Джонотан (Свифт), Джек (Лондон), Божена (Немцова) Генри (Хаггард), Рэй (Брэдбери), Марк (Твен), Николай (Носов)

5) Жазушылардың жазу ерекшеліктері.

«Жазушы үшін өз заманың шежірешісі болу – бақыт» деп Бальзак айтқан пәлсафалық сөздің аясында тағатсыздана отырып табандылықпен жұмыс істеген жазушылар бар. Осы бір терең ойлы тірі пенделер бір кітапты жазу барысында қандай қадамдарға бармады дерсіз. Тіпті, сыртынан қарасаң, күлкілі көрінетін қылықтарды жасапты.

Ұлы Ғабит Мүсірепов ғажайып шығармаларын қарандашпен жазып, көп сөздердің орнын жиі ауыстырып отырған.

Шерхан Мұртаза кәдімгі шәрикті қаламмен жазған. Түні бойы қолмен жаза отырып, бір жазғанын еш өзгертусіз машинкаға жіберуге тырысқан. Көбіне үй асханасының бөлмесінде отырып жазғанды жақсы көреді.

Лев Толстой бір жазған дүниесін төрт рет, бес рет, тоғыз рет жазғанды жақсы көрген. Және бір шығарманы жазбас бұрын бөлмесінде ары -бері түрегеп жүргенді ұнатқан. Сосын великпен серуендеу шабыт сыйлайды деп есептеген.

Вирджиния Вулф түрегеп тұрып шығармаларды дүниеге әкелген. Оның үйінде 30,479 см ұзындыққа тең 106,24 см биіктіктегі жазу үстелі болған. Оның үлкен болғандығы сондай, жазушы жұмыс істеу барысында түрегеп тұруға мәжбүр болыпты-мыс.


Чарльз Диккенс өмір бойы солтүстікке қарап ұйықтапты. Және кез - келген шығармасын жазбас бұрын солтүстікке қарап отырып, ой бағдарлап алған деседі.

Эрнест Хемингуэй ресторан, кафелерде тікесінен тік тұрып жаза беретін -міс.

Асқар Сүлейменов болса, немістің атақты классиктерінің туындыларын қосып қойып, түтін толы бөлмеде шығармаға ден қойған дейді.

Онере де Бальзак қараңғыда жазуды ұнатқан. Тіпті күндіздің өзінде перделерді жауып, майшаммен отыруды көңілі қалаған. Ең қызығы сол, 18 сағат бойы жұмыс барысында халат киетін болған.

Білім көкжиектеріңді кеңейтетін, сөздік қорларыңды молайтатын, адами құндылықтарды дәріптейтін, сиқырлы әлемге жетелейтін кітаптар қашанда сіздерді күтеді. Кітап оқыңыздар.



Нравится **bisembinazhanna** и еще 12 **kosembai2020** 13.12.22 күні "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында мектеп кітапханашысы Б.С.Қалиеваның ұйымдастыруымен "Әлемдік әдебиет ізімен" атты әдеби джем сағаты өтілді. Мақсаты: шет ел кітаптарымен таныстыру. Әлем әдебиеті мен таныстыра отырып оқырман талғамын қалыптастыру, оқуға қызығушылығын

Анықтама №

14.12.2022ж

Күн тәртібінде

1. Орыс және ағылшын пәндеріне арналған «Лингвист» тақырбындағы апталық барысындағы «оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Әлем әдебиет ізімен» атты оқырмандық сағаты.

Қатысқандар: 7-9 сынып оқушылары

Мақсаты: Шет ел кітаптарымен таныстыру. Әлем әдебиетімен таныстыра отырып оқырмандық талғамын қалыптастыру, оқуға қызығушылығын арттыру.

Қордағы шет ел кітаптарын ашып көрсетіп, таныстырылды.

- 1.«Теңіз қорқауы» Джек Лондон.
 2. «Майталмен шебер мен Маргарита» Михаил Булгаков.
 3. «Дн Кихот» Мигель де Сервантес.
 4. «Анна Каренина» Лев Толстой.
 5. «Сақиналар әміршісі» Джон Ронольд Руэл
 6. «Алтын кітап» Божена Немцова.
 7. «Асқақтық пен адасу» Джейн Остен.
 8. «Дымбілмес күн қаласында» Николай Носов.
 - 9 «Дымбілместің айға саяхаты» Николай Носов.
 - 10 «Штақ қыздың шатпақ күнделігі. Нұр Домбайжы. тағы да басқа
- Жиырмаға жуық кітаптар қойылды.

Қорытынды: Әлем классиктерінің шығармаларымен таныса отырып шет елдің әдеп - ғұрыпын, тарихын, сөйлеу мәнерлерін, жер -су атаулары, адам аттарымен мәдениетін біледі.

Хатшы:

